

# АҚМЕШІТ жастары

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін.



Магжан

№ 36 (469)  
8 қыркүйек, 2022 жыл

**«АДАМ ӨМІРІН ҚҰТҚАРУҒА ТАЛПЫНЫМ»**

Кездейсоқ келген қиындыққа қарсы тұрып, жығылғанға жәрдемдесу сауапты іс. Әсіресе, адамды ажал аузынан арашалауға жұмсалған қажыр-жігердің құны өлшеусіз өкені аян. Сондықтан кейінгі буынға үлгі-өнеге боларлық қадам жасаған қаһармандарды дәріптеу, өрлігін елге таныту кезек күттірмейді. Олардың әрбір таңдауы мен қайырымды әрекеті үміт сыйлайды, мейірім ұялатады. Бұл қатарға түн жарымында өрт ішінде қалған отбасыны құтқарған қызылордалық Серікбол Төребектің әрекетін де қосуға болады. Қайсар азамат жалынға қарамай, адам өміріне араша болып, 5 адамның өмірін аман алып қалды. Апта басында Серікболмен жүздесіп, оқиғаның мән-жайын сұраудың сәті туды.

— Серікбол, бір-ақ сәтте бүгінгің батырына айналдыңыз. Бүгін отбасына ажалдан арашалаған әрекетіңіз әлеуметтік желіде қызу талқыланып, көпшілік ыстық ықыласын білдірді. Жағдайдың қалай орын алғанын әртүрлі дереккөзден естігенімізбен, нақты жүйе әлі қалыптасып үлгірмеді. Алдымен, оқиға қалай болғанын баяндап берсеңіз.

— Бәрі кездейсоқ орын алды. Оқиға өткен аптада, яғни жұмандан сенбіге қараған түні болды. Қолым бос уақытта такси болып жұмыс істейтінмін. Кезекті сапарым кезінде сағат екі шамасында Қызылорда қаласындағы «Саяхат» ықшам ауданынан тапсырыс түсті. Жұмыс барысымен сол маңнан өте бере шатыры отқа орғанан үйді көзім шалды. Дерек көлігімен түстім де үйдің есік-терезесін ұра жөнелдім. Бар ойым адамдарды құтқару болды. Үйді айналып, айқайлап жүрмін. Дыбыс берген, онанға адам байқалмады. Ұялы телефонының жарығын жағып, терезеден қарағанымда үйде

жатқан адамдарды көрдім. Сол кезде-ақ енді уақыт жоғалтуға болмайтынын ұқтым. Алдымен 101-ге қоңырау шалып, өрт туралы хабарладым. Мамандарға үйдің ішінде адамдар бар екенін, шатыры жалынға оранғанын жеткіздім. Мекен-жайды хабарлаған соң өрт сөндірушілерден терезені сындыруға рұқсат алдым.

Қызығы, терезені сындырған кезде ғана үй ішіндегі адам да ояна бастады. Дерекке есікке барып, жұмылып тартыпай бастадым. Бұл кезде үйдегілер есікке қарай келіп қалған еді. Сол кезде есік те ашылып, бәрі сыртқа шықты. Есіктің ілгегі жұлынып кеткен секілді. Осылайша, үйдегі адамдар аман-есен жалын құрсауынан құтылды.

— Өртке оранға үйдегі тұрғындардың түгел шыққанын қалай тексердіңіз?

— Есік терезені сындырғаннан кейін кішкентай балалар мен әйел және соңынан жұбайы шықты. Балалардың аман-есен екеніне көз жеткізген соң отағасы қайта үйге кіріп, құжаттарды алып шықты. Көп өтпей, үй ішінде пропан баллоны бар екенін білдік. Үй егесі екеуі

қайта кіріп, пропан баллонын сыртқа шығарып үлгірдік. Қатерді ойлайтын уақыт болмады. Бар мақсатым адам өмірін құтқару болатын.

— Әрине, сіздің жасаған қадамыңыз — үлгі-өнеге аларлық іс. Өзге өмірі үшін жанұшыра жүргүзгеніңіз, тәрбиелі жанның қолынан келетіні анық. Осы орайда өзіңіз, отбасыңыз туралы айтып өтсеңіз.

— 1997 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Әкем қаржылық бағылау инспекциясында еңбек етсе, анам жүйке аурулары диспансерінде жұмыс істейді. Әкем мен анам бар. Мен үйдің кенжесімін. Бұған дейін Қызылорда қаласындағы М.Ысханов атындағы құрылыс және бизнес колледжінен телекоммуникация мамандығы бойынша білім алдым. Сондай-ақ қаладағы 66597 әскери бөлімнен барлаушы болып еңбек еттім. Алайда денсаулық жағдайыма ол жұмыстан шығуға тура келді.

— Ерілігіңз еленіп, өзіңізден үлгі алап рухын көбіейсін. Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Берен ШАҒЫРОВ

Олардың әрқайсысында өзгеге ұқсамайтын өзіндік ойы, айтары, көрсеткісі келетін мәселесі жеткілікті. Облыс жастарының бас басылымы — «Ақмешіт жастары» тек осы жастар тақырыбын емес, елдік, ұлттық мәселелерді қауазайтын газетке айналды. 7 қыркүйек — ақпаратты қаз қалпында оқырманға жеткізетін, өзіндік орны қалыптасқан жастар газетінің жарыққа шыққан күні.

9 жыл бұрын газет өз жұмысын бастаған. Аз уақыт болар. Бірақ «Ақмешіт жастары» осы уақыт аралығында алғашқы баспадан өтті, дамыды, белестерді бағындырды. Жетістікке жетуде көптеген адамның еңбегі бар. 9 жылдың ішінде газетте бірнеше редактор басшылық етті. Көптеген жас журналист осында алғашқы мектептен өтті, шығармашылығын шыңдады, ал қазір республи-

ТОҚТАМАСЫН!

REDAKTOR BAĞANY

Аймақтың әр түпкірінде мындаған жас бар. Тұғырдан түспей жүрген белсенділер бастап күнделікті тіршілігін құрылыста, дөрігерлік кабинетте, мектеп сыныбында өткізіп жүргендер мен ауылда, қырман басында таңнан қара көшке дейін еңбек ететіндер.

ликаның, облыстың маңдайлағы басшыларында, телеарналарында табысты еңбек етіп жүр. Бүгін де редакция ұжымының дені — жастар. Олар мазмұнды мақаланың жариялануына, арнайы беттердің жарыққа шығуына ықпал етіп келеді.

Жастар үнінің бір ерекшелігі, алғашқы арнайы беттер мен айдарлар латын көрпінде беріледі. Басылым арнайы «News» бетінде жастарға қатысты соңғы жаңалықтарды, өзгерісті қамтиды. Жас мамандарды, жас отбасыларды, өмірлік қиын жағдайға тап болған жастарды қолдау, жастар стартапын насихаттауға арналған шаралар ақпараттандырылады. «Motivation» бетінде ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды жеке мүддесіне пайдаланбай, мемлекет көмегіне иек артай-ақ, адал еңбек етуге үндейтін мақала, ісінің берекесін көріп отырған кейіпкерлерді насихаттайтын материалдар беріледі. Қоғамды өркендетке бастайтын ниеті оң, жүрегі кең жастардың, еріктілердің бастамалары бойынша әртүрлі материалдар дайындалады.

«Interview» бетінде айтар ойы анық азаматтармен, елге сыйлы зиялы қауым өкілдерімен тәрбиелік, елдік бағытта, түрлі сала мамандарымен сан сауалдың

ЖҮРЕГІМІЗДІҢ ДҮРСІЛ

сараптамалық мақалалар жарыққа шығады. «Ukiyashan» бетінде ұлттық өнер түрлерін жаңадандыруға ерекше назар аударамыз. Оқырманның сүйікті «Hata» бетінде шығармашыл жастардың сиясы келпеген дүниелері жарияланады. Бұдан бөлек, сан түрлі тақырыпты сарапта салатын «Otbasu», «Finance», «Turizm», «Cinema», «Balalar жылына» орай қолға алынған «Baspaldaq» беті бар.

Газет мазмұнының артуы, сәйкесінше оқырман санының өсуі осымен байланысты болса керек. Соңғы көрсеткіш бойынша жазылушылар саны 8 мыңның аймағында екен. Бұл біз үшін жай меже емес. Себебі 8 мың оқырманға пайдалы дүние бөлісіп, рухани ләззат сыйлаймыз деп асығамыз. Алты қыркүйек хабар таратпасақ та, алты Алаштың мұңын мұңдап, жарың жырлауға, әр шаңырақ терідегі алтын сандықтай абыройлы іс атқаруға ыңғайлы. Бұл орайда сүйікті басылымдарыңыз — «Ақмешіт жастарының» таралымын ұлғайтуға ықпал етер әрбір жаңа алғысымыз шексіз.

Ойлы оқырман — редакция жүрегі. Ендеше, Жүрегіміздің дүрсілі тоқтамасын!

Мөлдір СНАДИН

Болашақтың тұтқасы — бәсекеге қабылетті, саналы, сапалы жас буынның қалыптасуына оларға ұсынылатын контент пен шығармашылық жобалардың маңызы зор. Себебі уақыт көшіне ілесу үшін «бой емес, ой жарыстыру» қажет.

Облыстық «Ақмешіт жастары» жастарға арналған түрлі тың жобаларды, ерекше байқауларды ұйымдастырудан жалыққан емес. Осы жолы 7 қыркүйек — «Ақмешіт жастары» газетінің 9 жылдық мерейтойына орай жастардың басты басылымы «Ең қысқа әңгіме» байқауын жариялаған болатын. 18 бен 27 жас аралығындағы жастардың қаламының қарымын сыңға салған байқаудың мақсаты — жас буынның шығармашыл әлеуетін арттыру, аймақтың әдеби дамуына үлес қосу. Байқау шартына сәйкес, жас таланттар мазмұн ерекшелігін бұзбай, қысқа көлемді әңгіме жазуы шарт.

18 тамыз күні басталған байқау мерекесі аясында қорытындыланды. Ондаған қатысушының қысқа әңгімелерін сарапта салған қазылар алқасы жүлдені I орынға облыстық «Ақмешіт апталығы» газетінің

тілшісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Аспан Нұрзағалиды лайық деп таныды.

Ал аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі Балтабай Ордабеков жүлдені II орынды иемденді. III орынға Қорық ата атындағы Қызылорда университетінің журналистика факультетінің студенті, республикалық қоғамдық-саяси «Халық» газетінің тілшісі Ердаулет Қалиев пен облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, жас ақын Ақтілек Бітімбай жазғасты. Үздік деп танылған жастар арнайы дипломдармен қоса «Arago park» көшені, «Coffee like» кофеханасы мен «Ice cream Name» желісінің сертификаттарымен марапатталды. Аспан Нұрзағали балалық

**«ҚЫСҚА ӘНГІМЕ»**

**БАЙҚАУЫ ТҮЙНДІЛДІ**

шақ туралы естелік әңгімелерімен әлеуметтік желіде өз оқырманын қуантып жүр. Оның байқауға жіберген «Елес сияқтысың, «Жалақы деген атың ғана», «Кардиологиялық орталықтан келемін. Көңілісіз. Олар жаралы жүректі емдемейді екен...» деген сынды қысқа әңгімелері оқыған жанды бейжай қалдырмайды. Балтабай Ордабеков «Көпбалалы ана уайып келді... үй алып берді», «Арбаға танылған өке. Тоғыз қыз туған ананың көз жасы жібермеді» деген туындылары арқылы қоғамдағы әлеуметтік мәселелер жайлы ойландырады. «Бұл ән бұрынғы өннен мұңдалы», «Ол шынтақтай жерді үш адым жерге алмастырды» деп жазған Ақтілек Бітімбай оқырманға өзіне ой салады. Ал жас тілші Ердаулет Қалиев «Жемқор емес, қамқор бол», «Рас қой? Жұртқа жағу мүмкін емес. Адамға жағамын дегенін біреуі мылақ, біреуі соқыр, біреуі мүгедек...» деген қысқа әңгімелерімен тәнті етті.

— Прозаның ішінде роман мен повесть сынды көлемділеу дүниелерге қарағанда әңгіме жанры ең қиыны секілді. Себебі шағын ғана әңгіме бүкіл ойды сыйдыру, оқырманға не айтқың келгенін жеткізе білу, сол арқылы сұрақ қоя білу оңай емес. Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті ұйымдастырған «Ең қысқа әңгіме» байқауы бұрын-соңды облыс көлемінде өткізіліп жүрген байқауларға ұқсамайды. Жастар басылым тың идеяларымен, жарқын жобаларымен ерекше. Сүйікті басылымды 9 жылдық мерекесімен құттықтаймыз! — дейді жеңімпаз Аспан Нұрзағали.

Дина БӨКЕБАЙ

Ойлану... Кейде журналистің негізгі қызметі жазудан бұрын ойлану тәрізді көрінеді. Газеттің жаңа нөміріне не жазамын деп ойлану жүру олар үшін қалыпты жағдай. Тек жұмыста ғана емес, үйінде шай ішіп жүріп, асханада көшкі ас дайындап тұрып, тіпті достарымен әңгіме айтты отырса да миының бір қатарында әлі қағазға түспеген нөбір ой жүреді.

Өлгі ойына алған дүниесі газетке басылып, оқырманға жеткеннен кейін жаңағы ойлану процесі аяқталады деп

үйренуге бейім, заман ағымы ұсынған қандай да бір мүмкіндікке қолын созады. Қайсыбір құрбасы алға озса, тағы бір замандасы бөйгенден бірінші келсе де сүйіншіні алғаш болып жастар басылымының сұрайыны да жасырын емес. Жарқ-жұлт еткен жаңалығы көп қазірі сәттегі әрбір дүниенің жақсы-жаманын сараптап беруді де өз міндетіне алған газеттің жастардың жақын досы болуының бір сыры да осы. «Ақмешіт жастары» газетінің жастар сұранысына сай болуына ықпал ететін бірнеше фактор бар. Біріншіден, аталған газет редакциясында тек жастар ғана қызмет етеді. Отызға да

тақырыпқа түрен салады. Жарыққа шыққанына биыл тоғыз жыл толатын газетте арнаулы беттер мен айдарлар негізгі мазмұнын сақтай отырып, әр қилы бағытта ауыспалы отырады. Мұның өзі оқырманды жалқытырып алмаудың әрі ағынсыз судай тоқтап қалмаудың төте жолы болғаны рас. Сонымен тоғыз жыл ішінде біз арнаулы беттер мен айдарларды қалай түрлендірдік? Алдымен газет беттерін қазақша атауы жастардың қызығушылығына сай ағылшын сөздерімен алмасты. Мәселен, «Жаршы» – «News», «Айна» – «Jastar news», «Үт» – «Positive», «Дода» – «Sport», «Бағдар» – «Business», «Нысан» – «Analysis», «Дая» – «Medicine», «Талқы» – «Discussion», «Текмет» – «IT», «Қамшы» – «Actual», «Шамшырақ» – «Innovation», «Бота» – «School», «Тұғыр» – «Interview» болып беріле бастады. Ал «Шынар» – «Obaby», «Көмбе» – «Tar-ly», «Қоржын» – «Hattag», «Экономика» – «Economy» беттері латынша қаріппен ұсынылды. Одан бөлек, биыл газет беттеріне жаңа

жастарға қатысты мәселе көтерген дөңгелек үстел мен жиналыстарды ақпараттандыру; 2. Көшбасшы, іскер, өз ортасында жетекші жастар жайында эссе, очерктер; 3. Зияткерлік қабілетке ие, өнертапқыш жастардың жаңалығын жариялау; 4. Қоғамдағы жастардың өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, киім киісі, т.б. әдеп пен мінез-құлық мәселелері аясында ой-пікірлер; 5. Дерек пен дәйек негізінде сараптамалық-талдау-журналистік зерттеу; Осы негізді жастарға ала отырып, жастар газеті оқырман үшін сапаны жақсартуға барын салуда. Соңғы

фейсбук, инстаграм, твиттер, телеграмдағы парақшалар да соңғы жаңалықтан хабар беруге асық. Жастар басылымының өзге басылымдардан ерек тұратын тағы бір артықшылығы бар. Ол – оқырманмен тығыз байланыс орнату мақсатында оқырманға арналған мақала жазу. Мақаланы оқыған сәтте әрбір оқыған адам өзіне ғана айтылғандай әсер қалдыратын бұл әдіс баспасөз тарихында бар дүние. «Қара күз де болды. Даладан бойынсыз тоңазып келгенде жып-жылы үйде ыстық шай ішіп, дастархан басындағы өкпен-жарқын әңгімеден соң, диванға жайғасып, жаңа келген газет-журналдарды, соның ішінде «Ақмешіт жастары» газетін қарап, аймақ жастарының тіршілігін оқудың өзі ғанибет қой. Біз міндетті түрде газетке сіз оқитын дүние ұсынамыз. Ал сіздің бір жылға жазылуыңыз жеткілікті біз үшін. Алдағы жаңа жылда да бірге болайық. Алдағы уақытта да біздің әрбір жазбамыз, күн-түн ойланған еңбегіміз тек өзіңге арналады, Құрметті оқырман!

Гүлдана ЖҰМАДИН

## БІЗ ЖАСТАРМЕН БІРГЕМІЗ!

ойласаныз, қателесесіз. Себебі тілшілер келер аптада «қызықты не жазсам болады?» деп тағы да ойға шомып кете береді. Осы тұста қойылатын «мұндай үздіксіз жалғасатын ойлану кім үшін қажет?» деген заңды сауалдың бір ғана жауабы бар. Бәрі де бізді оқитын Оқырман үшін!

Сыр өңірінің ақпарат алаңына 2013 жылы қосылған «Ақмешіт жастары» газетінің екінші атауын «Еріндік басылым» деп атаса жараспайды. Жастар саясатынан тыс, жағымсыз ақпараттан алыс, жылдар бойы қалыпқа түскен қоғамдық қағидалардан әрірек тұратын газет тура Жастардың өзі секілді. Ерін тыныштарды, ойындағысын ашық жеткізеді, қашанда көңілді, жаңаны

толмаған олар айына төрт мәрте шығатын газеттің жауапкершілігі үлкен сеніммен арқан соң, еске ерісіз «Шығыс жұлдызы» Ғани Мұратбаев түседі. Тарихи тұлғаның кемеліне жетпесе де, бар иіні оқырманға жеткізуге асыққан олардың еңбегі кейде толық көріне бермейтін де рас. Өрине, редакцияда жастар ғана жұмыс жасасын деген талап жоқ. Бірақ жастардың айтарын замандасы болған соң тап басуға болатынын жоққа шығаруға болмайды.

Екіншіден, жастар басылымы жаңа өзгерістерге қадам жасаудан қорықпайды. Қоғамда маңызды саналатын 32 салалық тақырыпты қамтитын 20-дан аса арнаулы беттен оқырман өзі іздегенін таба алуы үшін түрлі

атаумен тағы бірнеше айдар қосылды. Жастардың саяхатқа деген қызығушылығын ескіріп – «Travel», кітапқұмар оқырман үшін – «Books», кино әлеміне бей-жай қарамайтындарға – Cinema, жаңа заманының сұранысына айналған «жан» тақырыбын түсінуге ұмтылатындар үшін – Psychology беті жастарға жол тартты. Тағы бір айта кететін жайт, газет алғаш бастаған шұжқан уақыттан 12 бет болып таратыла бастаса, соңғы бір-екі жылдықтың көлемінде D2 форматымен 8 бет болып қайта жаңғырды.

Алғашқы сәттен бастап газеттің жастар тақырыбын жазу 5 критерийге белінді: 1. Жастар ұйымдастырған іс-шараларды және

қолдан келген мүмкіндікті пайдалана отырып, елдің түпкір-түпкіріндегі ғана емес, алыс-жақын шетелдердегі қазақ жастарымен тілдесуге уақыт табуда. Кез келген сәтте ақпарат қолжетімді болу үшін газет сайты үздіксіз жұмыс жасаса,



### ЕҢ ҚАЖЕТТІ БАСЫЛЫМ

Ұмытпасам, осыдан тура 7 жыл бұрын алғаш рет «Ақмешіт жастары» газетін қолға алып, достастым. Сол кезде «Ақмешіт жастары» тәй-тәй басқан бала іспетті басылым болса да ішіндегі жазылған күндіз материалдарды көріп «бекер жазылмаған екем ғой» деп қуанғаным есімде. Бірінен-бірі асып түсетін әр жаңа санын асыға күтетін жағдайға жеттім десем артық айтқаным емес. Бойында қазақ деген қаны бар, жаны алаулаған жалынға толы қазақ жастарының мақтаным айтатындай атқарып жүрген істерін жандандырып тұрып оқырманға жеткізетін бұл басылымды оқыған кез-келген жастың бойында патриоттық сезім ояныпты белгілі. Себебі жастар қызығып, елен ететін түрлі шараларды ұйымдастыратынын кез-келген оқырман білетін болар?! Демек «Ақмешіт жастары» газеті дұрыс жолда келеді, әрі алар асуларының көп боларына сенемін!

«Ақмешіт жастары» – газеті жастардың, «Ақмешіт жастары» – кейпінде жас талдың. «Ақмешіт жастары» – серігім сен менің, Газеттер ішінен бола алдың мақтауым!

«Ақмешіт жастары» – ең қажетті басылым, «Ақмешіт жастары» – айтады ойдың ашығын. «Ақмешіт жастары» дамысын күн санап, Бағынсын әр шыққан Асуын!

«Ақмешіт жастары» – сыйлы бол еліңе, «Ақмешіт жастары» – лайық бол төріңе! «Ақмешіт жастары» – сенетін елің шын, Түсірме еш селкеу сенімге!

«Ақмешіт жастары» – аман жет қасырға, «Ақмешіт жастары» – шындықты жасырма! «Ақмешіт жастары» ұжымы бір болса, Ғасырдан-ғасырға жетеді расында!

Райхан ҚҰЛЖАНОВА,  
Қазалы ауданы,  
Шілі ауылы

газеті бүл пікірдің жаңсақ екенін дәлелдей түседі. Аймақтағы барлық жасты «Ақмешіт жастары» газетін оқуға шақырамын!

жастары» газетінің үлесі зор. Арал теңізінен бастап Қаратауға дейінгі жастардың тыныс-тіршілігін, қолға алған бастамаларын газет бетінен жиі көруге болады. Жастарды үнемі қолдап, шабыттандыратын басылымның болашағы жарқын боларына сенім мол. Жастардың жанашыр басылымының жаңа белесімен, жаңа жасымен құттықтаймын!



### ДИЗАЙНЫ ӨЗГЕЛЕРГЕ ҰҚСАМАЙТЫН ГАЗЕТ

Нұрасыл Бекматов, «Qo-syl» қалалық жастар ресурстық орталығының қызметкері: – «Ақмешіт жастары» газеті жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды насихаттауда табысты еңбек етіп келеді. Басылымның ақпараттық қолдауының нәтижесінде көптеген жас жаңа мүмкіндікке ие болуда. Ресми ақпарат пен нақты мәліметтерді алуда БАҚ-тың орны ерекше. Әсіресе жастар басылымы қоғамдағы жан-жақты тақырыптарды қамтып, сала жаңалықтарына ерекше мән береді. Сондықтан «Ақмешіт жастары» газетін жастарға жол көрсетіп, мәселенің оң мен солын анықтап беретін бағдарламға теңеуге болады. Қазір ақпараттық басым бөлігі әлеуметтік желіде таралады, содан болар жастардың басты назары ғаламторда. Оның ықпалынан қоғамда «газет оқымайды» деген түсінік қалыптасқан. Алайда мәтіні маңызды, дизайны өзгелерге ұқсамайтын жастар

### ЖАСТАРДЫҢ ЖАНАШЫР БАСЫЛЫМЫ

Талғат Тілес, облыстық жастар ресурстық орталығының директоры: – Қай елді алып қарасақ та, жастар саясаты маңызды орынға ие. Зерттеулерге сүйенсек, әлем бойынша жастар саясатына айрықша мән беретін мемлекет Германия екен. Аталған әлем елдерінің қатарында біздің мемлекет те бар. Қазір елімізде жастардың тегін білім алуына, студенттердің жатақханамен қамтамасыз етілуіне, жас мамандардың жұмысқа орналуына айрықша жағдай жасалған. Бұл жобалар Сыр өңірінде де кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Соның бір көрінісі – аймақ жастарына таралатын «Ақмешіт жастары» газеті. Республика бойынша жастарға арналған облыстық үш газеттің бірі саналатын басылым оқырманға берері мол, құндылығы жоғары. Өңірдегі жастардың рухани, жан-жақты дамуына «Ақмешіт

### КОМАНДАНЫҢ СҮЙІКТІ ГАЗЕТІ

Абылайхан Төлегенов, «Қайсар» командасының ойыншысы: – «Қайсар» командасының сүйікті жаңалықтарын «Ақмешіт жастары» газетінен оқып отырамыз. Қаптың оқырманның «Қайсардың» жеңісті сәттерін басылымнан оқып, бір-бірімен бөлісуі біз үшін қуанышты жағдай. Аймақтың намысын қорғап, сырт аймақта сыр бермеуге тырысатын команда үшін қолдау әрқашан маңызды. Әр ойынға маңыз беріп, бізге күш сыйлайтын «Ақмешіт жастары» команданың сүйікті газетіне айналды десем артық айтқаным емес. Басылымның тоғыз жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Оқырмандары көбейсін!



# ҚАРЖЫНЫ ҚАЛАЙ БАСҚАРАСЫЗ?

Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Жолдауда тоқталып өткен, бұған дейін де қоғамның талқысына түсіп жүрген мәселенің бірі – халықтың қаржылық және құқықтық сауаттылығы. Соңғы жылдары қаржы пирамидаларына алданып жүргендердің де, алаяқтық арқылы ақша жасайтындардың да қатары артауда. Осы орайда мемлекеттің алдында халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру міндеті тұр.

Нарықтық экономикаға бағытталған мемлекет ретінде қаржылық білімді меңгеру қажеттілік десек те болады. Сонымен қаржылық сауаттылық қалай арттырамыз? Пирамидаларға алдану үшін оны қалай анықтаймыз? Осы сұрақтар төңірегінде әңгіме ербітеміз.

Қаржылық сауаттылық – ақшаны басқару туралы білім. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ақшасы көп адам емес, оны дұрыс басқара білетіндер ғана жетістікке жетеді. Ақшаны басқаруда оны үнемдеу, есебін жүргізіп отыру, білімге, тұлғалық дамуға инвестиция құюмен қатар қазақстандық ретінде өз құқығымызды білу мен өсепшоттардың, дисконттық карталардың және ақпараттарды құпия сақтаудың маңызы зор. Дәулет Төлеуайтұлы – ақшаны басқару білімі туралы жеке кітап шығарып, осы бағытта кәсіби білімімен қазақша контент ұсынып жүрген экономисттің бірі.

– Қаржылық сауаттылық дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда қаржылық тәртіп, яғни өз бюджетіңді басқара білу. Ол адамның өз-өзіне есеп беруінен басталады. Кез келген адам қарызға батпас үшін барынша үлкен қаржылық сауаттылығын арттыру керек. Бұл екеуі де заман талабы.

Ал біз көп жағдайда керісінше басқа адамның ақшасын санап кетеміз.

Қаржылық сауаттылықты арттыру стратегияларына келетін болсақ, Абай ағамыз: «Егерде есті кісілердің қатарында болғын келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмағанда айында бір, өзінен өзін есеп алу» деген екен он бесінші қарса өзінде. Яғни, адам кірсе мен шығасын санап, өзіне есеп беруі керек. Екінші стратегия бойынша бір күндегі бағаны басқа дүкенмен салыстырып қарау қажет. Қай жерде арзан, қай жерде қымбат екеніне мән беру заңдылық. Адам қанша жерден бай болса да, бағаны бағамдағаны дұрыс. Қажетті дүниені ойланбай, бірден бір жерден ала салмаған жөн. Үшінші кезекте қаржылық қор тұр. Яғни адам тапқан табысының жоқ дегенде 10 процентін жинап отыруы керек. Жиі естілгені, қазақстандықтар ақшаның қайда кетіп қалғанын білмеймін деп жатады. Оның барлығы осы қаржылық сауатсыздықтан туындайды. Тағы бір айта кетерлік жайт, адам жиі садақа беретін болса, тапқан табысы берекелі болады. Адам өзін тапқан ақшасының несібесін көреді. Себебі кей азаматтар 1 миллион немесе 500 мың табыс тауып отырса да, ұқсата алмайды. Керісінше 100 мың тапса да берекетін көріп, отбасын асырап, тіпті, үй сатып алып жатқан азаматтар кездестіргеніміз, – дейді ол.

Статистикаға сүйенсек, қазақстандықтардың 3/1-і отбасылық кіріс пен шығысын тексеріп, жүйелі есеп жүргізбейді. Қажет кезінде оңды-солды несие алып, қарызданып, тәуелді ұялып, туғанда шешпеді бақы-шарадай болып жүргендер жетерлік. Тіпті, тұтынушылық несие алу бойынша біздің ел рекордтық көрсеткішке жеткен. Дамыған елдерде несиеге жұмсалатын қаржының көлемі адамның жеке табысының 20%-ынан аспайды екен. Бұл шынымен халықтың қажеттілігінен туындап отыр ма? Ол жайлы экономист Дәулет Төлеуайтұлы: «Бізге азаматтар ақшасын үнемдемейді, қаржылық сауаттылығы төмен болған соң үлкен үстемелерге қарай, құды тегін балық үлестіргендей несиеге

бас ұрады. Ал дамыған елдердің тәжірибесіне қарасақ, несиеге жұмсалатын қаржының көлемі табысының 20 процентінен аспайды. Сондықтан біздің халық та осыны үйренуі керек. Қазақстандықтар несиеді рәсімдеу үшін табысына қарамай, өтірік табыс көрсеткішін келтіріп жатады. Қарызды алу бөлек, оның қайтарымы бар. Ол үшін ең алдымен қаржыны жоспарлы түрде жұмсау керек. Екіншіде Дүкенге бармас бұрын, алатын заттардың тізімін жасап, кететін шығындарды есептеп шығу керек. Кеткен шығындарды есептеп жүріңіз немесе арнайы кітапша арнап, соған жазып отыраңызшы дұрыс. Сол кезде қаржыңыздың қайда кеткенін бақылай аласыз. Ай соңында жазған кітапшаңызға назар салыңыз. Артық шығындарды көріп, ақша ұстаудағы өз көміліңізді байқауға болады. Дүкеннен қалған тиымдарды кез келген жерге қалдырмаңыз. Екіншіде болсын, ақша тиымнан құралды. Ұсақ тиымдарды жинауды әдетке айналдыру керек. Күнделікті күнінде ақшаның қалай көбейгенін өзіңіз де байқамай қаласыз», – дейді.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі қаржылық пирамидалар белгілерінің тізімін бекітті, оған жосқынсыз мінез-құлық практикасының 39 өлшемшарты кіреді. Қаржылық алаяқтық және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл бағытында ведомстволарлық жұмыс тобы аталған агенттік жанынан 2020 жылы құрылды. Оның құрамына ҚР Ішкі істер министрлігі, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Бас прокуратура, Қаржы мониторингі агенттігі, Қазақстан Ұлттық Банкі де кіреді. Яғни алаяқтық әрекеті туралы ақпарат келіп, ол дәлелденгеннен кейін қылмыстық іс қозғалады. Нәтижесінде адамдардың ақшасын заңсыз алатын компанияның веб-сайты бұғатталады. Мәселен, мемлекеттік органдар 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында 3 мыңнан астам сайтты бұғаттап, 44 қылмыстық іс қозғаған.

Қаржы пирамидасын қалай анықтаймыз? Оған алданбау үшін не істеу керек? Классикалық қаржы

пирамидаларының негізгі белгілеріне кредит, микрокредит беру, аударымдар мен төлемдерді жүзеге асыруға лицензияның/өспетік тіркеудің болмауы, интернет желісінде, оның ішінде әлеуметтік желілерде, жоғары кіріс пен пассивті кіріс алуға уәде беретін жаппай жарнаманың жүргізілуі, жаңа қатысушыларды тартқы үшін сыйық берілгенді туралы жалған ақпарат, компания мен компания басшысының қызметі туралы нақты анықтаманың болмауы, жобаның атауларында, символикаларында, жарнамаларда белгілі компанияларға, бейнедегі ұқсас сөздерді, сөз тіркестерін және танымал адамдардың суреттерін қолдану, түрлі бағдарламалар негізінде халықтан автомобиль, пәтер, жер учаскелерін сатып алуға ақша қаражатын тарту жатады. Мұның барлығы – күнделікті айналымда болып жатқан жайттар. Ал алаяқтың құрығына дұрыс ақпаратпен таным емес, материалдық проблеманы оңай шешісі келетін, «алма піс, аузыма тұс» деп аяғын көтеріп жататындар бірден ілінеді. Алаяқтық әрекеттердің соңында қарызға батқан немесе ақшасынан айырылған, сан соққан сауатсыз адам ғана қалады.

Сондықтан кез келген жағдайда ақшасын шешім қабылдас үшін ақпаратпен танымал, зерітпелі, біліп алыңыз. Себебі қаржылық пирамидалық құрылым ілінгенді құтқару, тіпті, тәжірибелі мамандардың да қолынан келе бермейді.

Дина БӨКЕБАЙ

## ЖАҢА КОДЕКСТІҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

2008 жылы «қабылданған салық кодексі Президент Жолдауынан кейін тағы да өзгеріске ұшырады. Еңа Жолдаудан соң елімізде салық салудың жаңа идеологиясы қалыптасуды деуге болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрақты экономиканың есуі нақты, болжамды салық саясатына тікелей байланысты екенін айтты.

Хәсі, келер жылы салық реформасы жаңа кезеңге аяқ басады. Президент Жолдауындағы салық саясатының ұтымды тұсы – «сан салтанат салығы», бір сөзбен айтсақ «байлық салығы». Бұл – қымбат жылжымайтын мүлік, көлік сатып алу үшін алынады. Күнкіретіні қамымен жүрген «орта тапқа» жаңа салық әсер етпейді. Сондықтан «байлық салығының» ел үшін тигізер оң пайдасы көп. Мұны сарапшылардың өз құтайды.

Бұл үлкен серпіліс деп есептеймін. Президенттің баса бастамасы үлкен мәселенің шешімі деп қарауға болады. Өйткені мемлекет басшысы соңғы 20 жылдағы реформалар кейбір азаматтардың еншісі үшін жасалғанын баса айтты, – деді Мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының директоры Құат Ақжанов.

Үкімет Президент пәрменінен кейін байлық салығын енгізуде Еуропалық Одақ елдері мен АҚШ-ты мысалға алып, зерітпелі жатқана ұқсайды. Бұл туралы Үкімет қаулысында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров мәлім етті.

– Байлық салығын енгізу бойынша бірнеше елдің тәжірибесі бар. Біз оның бәрін қарастырып жатырмыз. Атап айтсақ, дамыған Франция мемлекеті де бар. Одан кейін Еуропалық Одаққа мүше бірнеше елдің мысалдарын да назарға алаудамыз. Сондай-ақ АҚШ-тың тәжірибесі бар. Осының барлығын сүзгіден өткізіп, қорытынды

шығарамыз, – деді министр. Елдегі ауқаттылардың салықтан жалтары үшін айла қарастыратынын қарапайым халық жақсы біледі. Десе де бұл мәселеге министр төтесінен жауап қатты. Әлібек Қуантыровтың айтуынша, ауқаттылар мүлкі өзгенің атына жазғызбайды деген болжам айтты.

Экономист Айман Тұрсынхан байлық салығының бюджетке тигізер үлесі көп дейді. – Әлемде мүлктің қандай мақсатта қолданылып жатқанына қарай, оған салынатын салық мөлшерін әртүрлі бекіту тәжірибесі бар. Мысалы, Нью-Йоркте жүргізілген Елумберг реформасын алайық. Бұл реформаға жекеменшік үй, жер учаскесі немесе жиі ғана отбасылық шаруашылық сияқты мүлік иелері кіреді. Мысалы, отбасында бірнеше адам болса, үй көлемі олардың арқайысына бөлінгенде 66 шаршы метрден аспаса, бұл мүлік салықтан босатылады. Ал аталған шаршы метрден асытын мүлікке нарықтағы бағасына сай салық салынады. Яғни, табысы аздар шектеулі, ал байлар көбірек салық төлейді. Өйткені бір бай адамның отыз пәтері болуы мүмкін.

Тұрмысы төмендердің мүлік салығы бойынша жүктемесін азайтып, табысы жоғары азаматтардың салық төлемдерін қалай арттыру керекін есептеп көрдік. Мүлік салығы шикізаттан басқа көздерден жиналатын төлемдердің бір пайызына да жетпейді. Ал кейде бір мен байларға әртүрлі салық бөлінгенде, бұл көрсеткіш 10 пайызға дейін артады. Бұл бюджетті толықтыруға жақсы мүмкіндік, – деді экономист.

Президент ең Жолдауында автокөлік сатып алу кезінде төленетін алым-салық мәселесіне жеке тоқталды. Аталған мәселе де қоғам арасында қызу талқыда жүрген жасырын емес. Мәселе мемлекет басшысының да назарын аударды. Расында, жақын шетелдерден әкелінген автокөліктерге қатысты түйткілдер түйінді. Заң аясынан шығып, заңсыз көлік әкелетін аял-тәсілдің бәрін тосқауыл қою үшін Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауда батыл шешімдер қабылдады.

1 қыркүйекке дейін елге келген автокөліктерге қатысты ақауларды реттеу үшін заңдастыруға біршама жеңілдіктер қарастырды. Заңдастыру мақсатында

утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200-250 мың теңгеден асырмай, бәрін бірдей және бір реттік алым алуға нұсқа берілді. Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметі бойынша 2019 жылдың басынан 2022 жылғы шілдеге дейін 121 829 автомобиль уақытша әкелу шарамасы Қазақстан аумағына кірді. Бұл бытыр ресми диллерлер сатқан көлік санынан (117 590 дана) сәл көп... Сондықтан елге заңсыз келген көліктердің барлығы ресми құжат алғысы келеді. Дегенмен барлығына бірдей қазақстандық нөмір берілуі ектіалай.

– Президент Қазақстанда шетелдік машиналарды тіркеуді ұсынып отыр, бірақ бұл шаруа қалай жүзеге асатыны, қазір қолданыстағы кейбір ережелер қалай үйлестіріліп белгісіз. Мысалы, біздің елде он релді және Еуро-4 стандартына сай келмейтін көліктер бастапқы тіркеуге қабылданады, – дейді «Авто газ» көлік қызметінің жетекшісі Айдоос Жұнысов.

Утиль алымы мәселесіне байланысты қозғалыстың жетекшісі, бөлесенді Нұраддин Садықов та Президент бастамасына орай пікір білдіріп, Мемлекет басшысының ұсынысы ресейлік және армяндық көліктерге байланысты екенін жеткізді.

Тіркелетін көліктердің барлығы техникалық регламентке сай болуы қажет деген талап айтылды. Сондай-ақ қылмындық тарихы болмауы керек. Жалған құжат пен егіз нөмірмен жүргендер де бұл жеңілдікке іліпкелді. Демек, бұл жеңілдік шамамен 100 мың көліктің ғана шаруасын жеңілдетеді. Жалпы елдегі көлік тапшылығы проблемасын шешпейді, – дейді ол.

Автомобиль бизнесі қауымдастығы баспаөз қызметінің мәлімдеуінде, елде қылмындық тарихы бар, техникалық регламентке сай келмейтін көліктер көбейіп кеткендіктен нарықты тазалау, көлік әкелуді заңдастыру өте маңызды. Жалпы салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелерді толық біріктіру ісін аяқтау бүгінде маңызды шаруаға айналды. Бұл жайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында да сөз етті. Өрине салық саясатының тімді болуы кеден жұмысының ашықтығына тығыз

байланысты. Президенттің тапсырмасына сәйкес енді кедендік рәсімдеу орталықтары «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар кәсіпкерлік аясында да салыққа қатысты қолдауға ие болады. Экономист Президенттің салық дифференциациясы болуы керек деген пайымына толықтай келіседі. Өйткені салық мөлшерлемесінің дифференциясы – инфляцияны ұстап тұру тетігінің бірі. Осы тұста Қазақстанды көршілес Ресеймен салыстырып көрейік. Оларда қосымша құн салығының базалық мөлшерлемесі – 18 пайыз. Бірақ ауыл шаруашылық тауарларына (шикізат, өнім және өңделген өнім) небәрі – 8 пайыз. Бізде бәрін бірдей 12 пайыз салық салынады. Оған қоса шынайы секторға берілетін несие мөлшерлемесі – 25 пайыз. Бәрін қосқанда 37 пайыз шығады. Осыдан бәсекеге қабілетсіз болып отырғандай күй кешетініміз анық.

Сол себепті кәсіпорындар бірінен кейін бірі жабылып жатқаны түсінікті. Мұны экономист Айман Тұрсынхан растап отыр. – Әлеуметтік мемлекетке айналып, халықты қолдау шараларына қысқуы қойғмыз келсе, азық-түлік өнімдеріне, бірінші жакеттілік тауарларына, әлеуметтік маңызы бар дәрі-дәрмектерге және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық тарифтерге қосымша құн салығын алып тастау керек, – дейді ол.

Қорыта айтсақ, Жолдауда баяндалған салық саясатының әділетті қоғам қалыптастыруына септігін тигізетін сөзсіз. Дегенмен Президенттің салыққа қатысты пәрмені толығымен жүзеге асырылуы әзірге беймәлім. Себебі сарапшылар әлі де жаңа кодекстің елде заңды болуын сараптап жатыр.

Ерасыл ШӨРБЕК





– Жаңа оқу жылы басталғалы ұзтаз бен оқушы арасындағы байланыс нығайтып, білім беру ісі қайта жанданды. Жаз айларында қыркүйекке дайындық күшейіп, тыңғылықты жұмыс атқарылғаны анық. Осы орайда мыл мектептің материалдық-техникалық базасында нөңдей жаңалық орын алды?

– Әрбір оқу жылы жаңа мүмкіндікпен қатар жауапкершілік те жүктелді. Себебі

оқушылардың жүйелі, үздіксіз білім алуы үшін мұғалімдер құрамы мен оқу процесінде ешқандай мәселе болмауы шарт. Сол үшін оқу жылы басталар алдында қалалық білім бөлімімен бірлесіп дайындық барысын тиянақтап, қажетті оқу-құрал, материалдық-техникалық жабдықтарды толықтыруға күш саламыз. Мысалы, биылғы оқу жылында 28 интерактивті тақта және 10 видеопроектор қолдануға берілді. Мектептің 20 сыныбына

оқушылардың жүйелі, үздіксіз білім алуы үшін мұғалімдер құрамы мен оқу процесінде ешқандай мәселе болмауы шарт. Сол үшін оқу жылы басталар алдында қалалық білім бөлімімен бірлесіп дайындық барысын тиянақтап, қажетті оқу-құрал, материалдық-техникалық жабдықтарды толықтыруға күш саламыз. Мысалы, биылғы оқу жылында 28 интерактивті тақта және 10 видеопроектор қолдануға берілді. Мектептің 20 сыныбына

Шаһардағы білім беру саласы ел көлеміндегі оқу-тәрбие үдерісін игеріп, елеулі қадам жасап келеді. Білім ордалары заманауи әдістемеге сүйеніп, тәрбие берудің жаңа моделін жасап, аймақтағы жастардың болашағын қалыптастыруға күш салуда. Нәтижесінде құрылымдық, жүйелі ерекшелікке негізделген нысандар білімді жастың таппынар бағдарына айналды. Осындай ерекше білім шаңырағының бірі – Сералы Лапин атындағы №261 орта мектеп. Жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп директоры Қарлығаш Әбдірахмановамен жүздесіп, білім беру ісіндегі өзгерістерге қаныққан едік.

жалпы міндетті оқу қоры есебінен тынығу лагерьі ұйымдастырылды. 60 оқушы мектепшілік демалыс шарасына қатысса, 30 оқушы Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагеріне баруға мүмкіндік алды. Жазғы тынығу лагерінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында арнайы жоспар құрылды. Атап айтар болсақ, дене шынықтыру жаттығуын ұйымдастыру, түрлі өнер үйірмелерін жүргізу ісі жүйелі жолға қойылып, ата-ана мен бала арасындағы байланыс та назардан тыс қалмады.

– Мектеп өткен оқу жылын қалай қорытындылады? ҰБТ көрсеткіші көңіл кенішті ме?

– Әрбір түлектің білім көрсеткіші – мектеп абыройы. Өткен оқу жылы мектепті 41 оқушы бітіріп, оның 35-і Ұлттық біріңғай тестілеуге қатысты. Оның ішінде 22 оқушы мемлекеттік грант иегері атанды. Өткен жылы талапкерлер арасында педагогикалық мамандыққа түсушілердің көрсеткіші басым болды. Оқушыларымыздың педагогикалық мамандықтарды таңдап, болашақта ел болашағы отырып, жолға жасап, мұғалім болуға таппыны қуантады. Берген білім

мен сіңірген тәрбие шәкірттерді тура жолға бастайды. – Мұғалімдердің жалақысы көбейіп, материалдық жағдай біршама оңалғаны белгілі. «Алмақтың да салмағы бар» демекші, ұстаздарға қойылатын талап күшейіп, жұмысқа қабылдау жүйесі қатаңдатылды. Білім ұясындағы ұстаздар құрамы туралы айтып өтсекіз.

– Дұрыс айтасыз, шәкірттің жетістікке жетуі, білім шыңын бағындыруы ұстаздың педагогикалық қабілетіне тікелей байланысты. Осы орайда мектептегі мұғалімдер құрамы тындырымды тірлік атқаруда. Бүгінде мақтанып айтатын 2 педагог-шебер, 45 педагог-зерттеуші, 54 педагог-сарапшы, 62 педагог-модератор бар. Биылғы оқу жылына аттестаттау комиссиясы құрылды. 2022-2023 оқу жылында біліктілік санатынан өтетін мұғалімдер дайындық үстінде. Оқушылармен жұмысты жетілдіру мақсатында мұғалімдер Беларусь, Ресей мемлекеттерінде тәжірибе алмасып келеді. Биылғы оқу жылында мұғалімдер биология пәні бойынша тәжірибелік және факультатив, үйірме

сабақтарын жылжыжайда өткізеді. Жылжыжайда жыл мезгіліне қарамастан өсімдіктердің тұқымы егіліп, өнім алуға мүмкіндік мол. Іштегі ауа температурасына байланысты автоматтандырылған «смайт-терезелер» мен қажетті құрал-жабдықтар ойға алған мақсатты орындауға жол ашты. Алдағы уақытта жылжыжай өнімдерін мектеп аралық жәрмеңке аясында шығару жоспарланған. Тағы айта көтеріліп, мұғалімдер оқушыларды ғылыми жобаларға жылжыжай мен гидропоникада жұмыс істеу арқылы дайындайды.

1-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалары жоғары бағаланып келеді. Мысалы, «Зерде» республикалық конкурсының қалалық кезеңінде оқушыларымыз жүлделі орын алып, жоғары нәтиже көрсетуде. Оқушылар өткен оқу жылы «Үздік жасыл мектеп» қалалық, облыстық экологиялық жобалар байқауынан I орын иеленді.

– Өңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Берен ШАҒЫРОВА

## ҰЛТ САПАСЫ ҰРПАҚ ТӨРБЕСІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ

Әдетте мектептегі ұстаздардың біліктілігі мен білімі, қоғамдағы мәртебесі жиі талқыланады. «Мектептің жүрегі» саналатын сала мамандарының заман талабына сай болуы көпшіліктің назарынан тыс қалған емес. Алайда осы кезге дейін баланың бірінші мектепке емес, балабақша баратыны, сол жерден бүлдіршінің алғашқы білім алып бастайтыны мемлекет деңгейінде талқыланбаған тақырып болғаны рас. Осы орайда Президент алдымен балабақшаны емес, тәрбиешілерді аттестациялау қажет екенін әрі балабақша қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін арттыру керігін тап басып айтты.

«Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Қазақта «Ел боламын десең, бесінді түзе» деген сөз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды. Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өзіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» – ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ЖОБА

Мемлекеттің болашақта табысты болуы бүгін мектеп партасында отырған әрбір білім алушыға байланысты. Сол үшін барлық шәкірттің білім алуына, жан-жақты дамуына қойылатын жағдай жасалуы тиіс. Аталған міндеттің нәтижелі болуы үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Аукымды жоба аясында 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепке оқуына жағдай жасалатын болады. Нәтижесінде апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқытын мектеп мәселесін толық шешімін табады деп күтілуде. Әрі бұл жағдай ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

«Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек. Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалуда тиіс. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек. Мектеп формасын барлық оқушыға барынша қолжетімді ету аса маңызды. Әлеуметтік тұрғыдан апсиз саналатын кейбір топтағы балаларға өні бюджет есебінен беру қажет деп санаймын. Мектеп формасына арналған мемлекеттік тапсырысты отандық жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бейімдеген жөн. Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен, бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жасау қажет», – деді Президент. Алдағы уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, педагогикалық жоғары

оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандарты қабылданып, ұстаздардың құзырет аясы айқындалатын болады. Сондай-ақ әлемдік білім жүйесінің даму бағытын қаперге ала отырып, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуға барынша күш жұмсалды. Оқушылардың орыс тілін меңгеруі де маңызды саналады.

## ЖЕКЕ БІЛІМ БЕРУ ВАУЧЕРЛЕРІН ЕНГІЗУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жолдауда балабақшалар мен мектептердің ғана емес, техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарының сапасы жайында да сөз болды. Енді аталған оқу орындарының еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы маңызды саналады. Бұл орайда таңдаған мамандығының сапасы мен сұранысқа ие болуы үшін оқушылар мен олардың ата-анасы белгілі бір деңгейде жауапты болады. Сол үшін олармен үнемі әріптестік қатынас орнату қажеттілігі және осы мақсатта жеке білім беру ваучерлерін енгізу жоспарланып отырғаны баса айтылды. Тағы бір айта кететін маңызды жайт, алдағы уақытта баланың білім алуына, оның ішінде сыныптан тыс оқуына мемлекет бөлетін қаражат бірыңғай білім беру есепшоттарында жинақталады. Енді Жолдауда айтылған тапсырмаларға сәйкес, білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несиесі де беріледі. Аталған маңызды шараның бәрі елдегі жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, сапалы ұлттың негізін берік ете түсетініне сенім мол.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Білім – адамзаттың ғаламды танудағы басты құралы. Егер білім ұлттың рухани болмысына сай тәрбиелен берілсе құндылығы арта түседі. Ұрпағын жазырмаған дала заңдарымен тезге салған қазақ қазір де білімнен аянып қалмай-тыны белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында осы тақырыпқа ерекше назар аударды. Мұның өзі елдің өртенің білімді буының қалайтынын тағы бір мәрте дәлелдей түседі.





## ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Қазақстан халқы тілдерінің мерекесіне және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Қызылордада «Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің негізі» тақырыбында пленарлық мәжіліс өтті.

Жиын «Достық» үйі ғимаратының фойесінде кітап көрмесінен басталып, келушілер сөзге қойылған құнды құжаттармен, фототарихымен танысты. Сондай-ақ ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы жайлы бейнеролик көрсетілді. Жыынның алғашқы облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов алды. Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Жомартқызы модераторлық еткен

пленарлық мәжіліске тіл жаныашылары, қоғам зиялылары, жоғары және орта оқу орындарының оқытушылары, «Халықаралық бірікстік жетекшілері, жастар қатысты. Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру бағытында жүйелі жұмыс істеп жүрген «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас Аңсат «Аймақтағы мемлекеттік

тілдің мәселелері» тақырыбында баяндама жасады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Аман Абасқолов «А. Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және ғылыми қызметінің Қызылорда кезеңі» тақырыбындағы ауқымды

баяндамасымен жалғастырды. Жиын соңында бірқатар тіл жаныашы марапат биігінен көрінді. Атап айтқанда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов пен облыстық «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Дүйсенбек Ашұлұлына Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетінің «Құрмет грамотасы» табысталды.

## ЖАСТАРДА ЖАҢА КӨШБАСШЫ

Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры қызметіне Талғат Тілес тағайындалды.

Ол И.Әбдікерімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық колледжінде, С.Сейфуллин атындағы аграрлық университетінде «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек

жолын «Жас Отан» жастар қанатында бастап, жауапты қызметтер атқарған. «Жас Отан» жастар қанатының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, «Жас Отан» Қоры» корпоративтік

қорының директоры, «Жас Отан» ЖҚ Орталық аппаратының бас сарапшысы, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының орынбасары, «Сыр үміті» жастар

қауымдастығының атқарушы директоры қызметтерін атқарды. 2021 жылдың желтоқсан айынан қазіргі уақытқа дейін облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының орынбасары

қызметін атқарып келді. «Атамат» партиясының саяси менеджмент мектебінде біліктілігін арттырған. «Ғани Мұратбаев» атындағы республикалық жастар сыйлығының иегері



## ТӘЛІМ – ТӘРБИЕДЕН

Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» жанынан құрылған «Жас отау» жас отбасылар клубының ұйымдастыруымен «Рухани тәрбие – құндылық мәні» тақырыбында интеллектуалды сайыс өтті.

Сайыста ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлер және «Қазақфильм» киностудиясы түсірген отандық кинофильмдерге байланысты сұрақтар қойылды. Сайысқа 5 команда қатысты. Нәтижесінде жүлделі I орынды Н.Бекжанов атындағы облыстық академиялық театрының қызметкерлерінен

құралған «Өнер жауһарлары» командасы иеленді. II орын «Кітап құрттары» еріктілер қозғалысының орталық отбасы «Сегізінші ғаламат» командасына бұйырды. Ал үшінші орынды «Нәзік» құрамасы иеленді. Қатысушылар диплом, алғыс хаттармен марапатталып, сый-сияпат ретінде «Coffee

like» кофеханасынан сертификаттар, «Klpar al» дүкенінен кітаптар табысталды. Айта кету керек, орталық отбасы «Қызылорда» газетіне бағытталған «Өкпелер кеңесінің» де жұмысы аясында форум өтіп, отбасында үлгілі өке, қоғамда орны қалыптасқан, ел

қолдайтын, жастарға өзіндік айтар ойы бар азаматтар әдемі әңгіме өрбітті. Бала тәрбиесі, соның ішінде өке рөлі мен өкеге деген сүйіспеншілік тақырыбы қозғалды. Бұл бағыттағы – шараларды күшейту – міндетіміз. Себебі өңегелі отбасы – ел тұтқасы, ал жастар соны ұғынып өсу керек, – дейді орталық мамандары.

## ҚОСТАНАЙҒА КӨМЕК

Облыс әкімдігі Қостанай облысындағы өрттен зардап шеккен азаматтарға бір күндік жалақысын аударды. БАҚ өкілдері де қиын сәтте қолдау білдіріп жатыр. Қаржы төтенше жағдай салдарын жоюға және тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін қалпына келтіруге жұмсалады.

Бұдан бөлек, «Атамат» партиясының облыстық филиалы Қызылорда қаласында, 7 аудан мен Төреғам кентінде 9 гуманитарлық көмек қабылдау пунктін ашып, күнделікті азаматтардан

көмек қабылдады. 30 тоннадан астам қажетті зат жинақталған. Қазықандан заттар – бұдан былай азық-түлік, жылы киім-кешектер мен көрпе-төсек, тұрмыстық техника мен

жабдықтар, гигиеналық заттар, балалардың оқу құралдары мен канцеляриялық заттар, құрылыс материалдары. Сыр елінің белсенді кәсіпкерлері де қаржылай көмек

көрсетуге асық. Сыр жастары, еріктілер де игі іске жұмылуда. Облыс атынан гуманитарлық көмектің арнайы жүк көліктері бірінші лекпен Қостанай облысына 6 қыркүйек күні жолданды.



Президент Жолдауы қашанда маңызды. Себебі құжатта әр саланың алдында тұрған басты мақсат тағы бір айқындалып, қазіргі уақытта өзекті деп саналатын күрмеуі қиын мәселелер қарастырылады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Экономика және құқық» институтының директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Нұрлан Құлмырзаев пен «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыс бойынша филиал директоры, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Ләззәт Бақтыбаева соңғы жаңалықтарға қатысты ой бөлісті.

Нұрлан Құлмырзаев ақпараттық қоғам, цифрлық экономикаға қатысты пікірін айтты. Оның айтуынша, салық жүйесін цифрландыру, агрожүйелерді аэрофлотты түсірілім арқылы анықтау секілді сандық технологиялар дамуда. Жасанды интеллект елдің басқаруына жасап жатқан тың қадам деуге болады. – Білім мен ғылымға назар аударып, жастардың ізденісіне жол ашылып келеді. Қазіргі таңда біздің елімізде отбасылардың әлеуметтік қартаюы жоқ. Егер Жолдауда айтылғандай, атаулы әлеуметтік көмектің бірыңғай жүйесі құрылса, азаматтардың әл-ауқатын жақсарту ісіндегі маңызды қадамның бірі орындалар еді. 2023 жылдан бастап «Отбасының цифрлық картасы» және «Әлеуметтік әмиян» сияқты таспадағы енгізу жоспарланып отыр. Осы бастамалар аясында мемлекеттік қолдаудың түрлі шаралары біріктіріледі деп күтілуде, – деді ол. Сонымен қатар Президент «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн» деп нық тапсырма берді. «Бұл – қарапайым халықтың құқықтық және қаржылық сауатын арттыру арқылы олардың цифрлық технологиямен қабаттаса дамыған

алаяқтық әрекеттерге ұшырамауының алдын алу» деген ой қосты спикер. Жолдаудың бесінші бағдары «Заң және тәртіп» деп аталады. Онда Президент

## ЖОЛДАУ ЖАҢА МІНДЕТ ЖҮКТЕУДІ

жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек» деген тұжырым жасады. Бұл орайда медиатор Ләззәт Бақтыбаева сот орындаушылардың мәртебесін көтеру, жоғарғы сот орындаушылардың біліктілігін арттыру, оларды жұмысқа қабылдау кезіндегі мәселе өзекті екенін жасырмады. – Бүгінде елімізде әр сала бойынша бірқатар заңнама бар. Соның ішінде құқық қорғау саласында реформа жүргізу – халықтың көкейінде жүрген мәселе. Президент айтқандай, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет»

қағидасын ұстану қоғам үшін аса маңызды. Жолдауда айтылған экономика, білім, денсаулық, құқық және өзге де саладағы реформалардың барлығы халыққа көпелімізді, ашықтық форматын ұсынуы жаныашылыққа бастайды. «Жаңа Қазақстан» идеясының түпкі мәні – осы, – деді ол. Айта кету керек, Жолдау барысында жастарға жеңілдетілген тәртіппен шағын несие берілетіні де айтылды. «Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беріміз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді», – деген болатын Президент. Тағы бір қуантарлық аясында «Ұлттық қор – балаларға» жаңа бағдарламасының іске қосылатындығы 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалар 18 жасқа толғанға дейін олардың арнаулы жинақталушы есепшотына аударылады. Жинақталған қаржы балаларға көмектес жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалмақ.

Досжан ТАЛҒАТОВ







ЖАНА СПОРТ  
КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданындағы Аманеткөл ауылдық округіне барып, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған спорт кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

– Спорт – ел мерейін асырып, абыройын арттыратын ауқымды сала. Өңірде «Балалар жылы» аясында демеушілердің қолдауымен 80 ойын алаңы салынуда. Арал ауданында соның 5-еуі жыл аяғына дейін аудан тұрғындарының игілігіне қызмет ететін болады. Бұл кешенде байрақты бөсектерде, Олимп шыңында Көк Туымызды желбіретер даңқты спортшылар жаттығып шығарына сенімдімін, – деді аймақ басшысы.

Мұнда бір мезетте 40 баланың спортпен шұғылданауға мүмкіндігі бар, яғни, баскетбол, волейбол, шағын футбол ойнай алады.

ЖЕҢІМПАЗ  
АНЫҚТАЛМАДЫ

Ел біріншілігінің 18 турында «Қайсар» «Оқжетпеске» қонаққа барды. Тұрдың орталық ойынында жеңімпаз анықталмады.

Көкшетауда өткен ойын 1-1 есебімен аяқталды. Қасқырлар сапынан Мамаду Диалло көзге көрініп, чемпионаттағы 14 голын соқты. Енді Әбілдаев шекірттері 11 қыркүйекте «Қыранды» қабылдайды.

«Оқжетпес» – «Қайсар» – 1:1

Голдар: Александр Довгаль 90+2 – Адама Диалло 33

«Оқжетпес»: Довгаль Александр, Берібаев Нұртайын (Пангерей Мұқағали 72), Болов Руслан, Дроченко Максим (Гетрашвили Гурам 79), Жұмаханов Санат (Стойнов Милан 79), Идрисов Нияз, Қалмырза Мейрамбек, Куксин Антон (Гунченко Виктор 79), Рыжук Дмитрий, Тобеев Таймураз (Молдакараев Жасұлан 57), Ермекулы Асхат.

«Қайсар»: Салаидин Нұрмұхан, Горизанов Константин (Горшухов Елисей 88), Диалло Адама (Байжанов Мақсат 88), Жұмаханов Әділбек, Құлмағанбетов Аян, Бондаренко Сергей (Құрманбекұлы Бекзат 73), Сахалбаев Руслан (Жалмұқан Дидар 73), Сейтов Аман, Сидоренко Кирилл, Сламбеков Демият, Төлегенов Абылайхан.

ҰЗДІК ШАХМАТШЫЛАР  
КЕЛЕДІ

Нұр-Сұлтанда шахматтан Women Grand Prix-2022 деп аталатын аса ірі халықаралық турнирдің тұсауы кесіледі. Жүлде қоры 200 млн теңгені құрайтын жарыста әлемнің таңдаулы 12 ойыншысы бақ сынаиды.



Әйелдер арасында өтетін жарыста қазақ елінің намысын әлемдік рейтингте 14-орында тұрған Жансая Әбілмәлік (2495 ұпай) қорғайды. Регламентке сәйкес қабылдаушы ел турнирге тағы бір ойыншыны қосуға қылы. Бұл ретте таңдау Бисбаса Асубаеваға (2439) түсті. Қазіргі кезде ол үздіктер тізімінде 32-орында иеленуде.

Нұр-Сұлтанда келетін «ойлылар ойыны» өкілдерінің төртеуі – ресейліктер. Олар – Александра Горячкина (ФИДЕ рейтингінде №2 орын, 2579 ұпайы бар), Екатерина Лагно (№4, 2547), Александра Костенюк (№11, 2521) және Полина Шувалова (№12, 2510). Сонымен қатар бақ сынаушылар арасында қытайлық Тань Чжунъи (№9, 2525) мен Чжу Цзиньэр (№21, 2464), польшалық Алина Кашлинская (№15, 2504), германиялық Динара Вагнер (№116, 2341) мен Элизабет Петц (№134, 2484) және үндістандық Конэру Хампи сынды әйгілі шахматшылар бар.

Олардың рейтингте жоғары орындаға жайғасқандарын айтпағанда, кейбірі әлем чемпионы атағынан да үміткер болған.

Бетті дайындаған: ЕШӨРІБЕК

Ертең Белградта күрес түрлерінен әлем чемпионатының жаулау желбірейді. Кіл мықтылар бақ сынайтын жандық жарысқа Қазақстан құрамасы да аттанды.

Жалпы еркін күрестен дүбірлі додаларда негізгі бәсекелестік Ресей, АҚШ, Иран және Грузия құрамаларына тиесілі. Алысқа бармай-ақ, соңғы үш әлем чемпионатының нәтижелеріне зер салсақ, біраз жайтқа қанық боламыз. Мәселен, 2017-2021 жылдары ұйымдастырылған үш әлем чемпионатында 30 алтын медаль саралға салынса, соның 12-сін ресейліктер олжалады. Бас жүлденің сегіз АҚШ балуандарына бұйырды. Иранның сандақтары төрт рет жеңіс туғырының ең биік сатысына көтерілді. Грузияның үш тарланы теңдессіз деп танылды. Сондай-ақ Куба, Жапония және Польша құрама командаларының мүшелері бір-бір реттен топ жарды. Міне, осы жеті елдің өрендері ғана төрткүл дүниенің теңдессіздері бас қосқан соңғы бес жылдағы бөсектерде өз елдерінің әнұранын шырқатты.

Әлем чемпионы деген атақ біздің балуандарға бірде-бір мәрте бұйырған емес. Тіпті, алғашқы 10-15 жылда көпше ілігудің өзі оңай болмады. Сол аралықта санаулы ғана жерлесіміздің жеңіс туғырына көтерілуіне күш-жігер жетті. Біздің жігіттер жеңіп алған жүлделердің жалпы саны – 15. Оның бесеуі күміс және 10-ы қола медаль. Бұл жүлденің иегерлері: Күміс – Елмәді Жабырайылов (1995), Нұрлан Бекжанов (2016), Нұрислам Санаев (2018), Дәулет Ниязбеков пен Нұржолжа Қайпанов (2019). Қола – Мәулен Мамыров (1997), Геннадий Лалиев (2003), Магомед Круглиев (2005), Леонид Спиридонов (2009), Әбілхәміл Шапиев (2010), Дәулет Ниязбеков пен Дәурен Жұмағазиев (2011), Ақжүрек Таңатаров (2017) және Нұрислам Санаев пен Данияр Қайсанов (2019).

Сербияның астанасында қазақ елінің намысын 10 балуан қорғайды. Солардың арасында бұған дейін әлем чемпионатында жүлде алған бір ғана балуан бар. Ол – Нұржолжа Қайпанов. 74 кило салмақ дәрежесінде күш сынасып жүрген 24 жастағы қазақ жігіті 2019 жылы Олимпиада Азия чемпионы және Нұр-Сұлтанда әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Елімізде өткен жарыстың ақтық айқасында ол ресейлік Давид Баевқа есе жіберді. Азамат



Дәулет-беков (86 келі) пен Әділет Дәулин-баевтың (92 келі) бір басына жетерлік атақ-даңқы бар. 28 жастағы Азамат Азия чемпионаты жүлделерінің толық жиынтығын жеңіп алды. 34 жастағы Әділет Исмаилов да құрлықтық ойындар мен біріншілікте жүлдегерлер санатынан көрінді.

23 жастағы Талғат Сырбаз (70 келі) бытыр Алматыда өткен Азия чемпионатында алдына жан салмаса, быыл Ұланбатырда қола медаль еншіледі. 29 жастағы Олег Болтин де (125 келі) Астана баурайында Азия чемпионы атанды. Болтинмен түбейде құрдас Болат Сақаевтың (79 келі) өнері көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Быыл ол Алматыда өткен «Болат Тұрлыхановтың кубогы» деп аталатын рейтингтік турнирде қазақстандық балуандар арасынан жалғыз өзі бас жүлдені олжалап, дүйім жұрттың зор қошеметіне бөленді. Сондай-ақ осы жарыста Рахат Қалжан (57 келі), Асыл Айтқын (61), Әділ Османов (65) және Мамед Ибрагимов (97 келі) сынды спортшыларымыз өз өнерін ортаға салады.

Ал грек-рим күресінен ел намысын 10 балуан қорғайды. Солардың арасынан Айдос Сұлтанғалиді жеңіс туғырынан көріміз ғажай емес. 60 келі салмақта белдесетін 26 жастағы

Сыр бойының тумасы 2018 жылы Будапештегі әлем чемпионатында қола медальды мойнына ілді. Сонымен қатар Айдостың Азия чемпионы деген атағы да бар. Бұл табысына ол бытыр Алматыда қол жеткізді. 87 келі салмақта күш сынасатын

Нұрсұлтан Тұрсынов та талай дүрмекті көрген сақа спортшы. Құрлық біріншілігінің толық медальдар жиынтығын қоржына салған 31 жастағы Семей өңірінің түлегі бытыр Токио Олимпиадасына қатысты.

Аса жеңіл салмақта Амангали Бекболатов белдесе, ауыр салмақта Азия чемпионы Әлімхан Сыздыққа сенім артылып отыр. Темірлан Шадукаев өнер көрсетеді. Ол да осыдан екі жыл бұрын құрлық чемпионатында қарсылас шығармаған. Таңуда ғана Софияда өткен жастар арасындағы әлем біріншілігінде қола медальды иеленген 67 кило салмақтағы Дін-Мұхамед Қошқар да Белградта баратындардың тізімінде. Сондай-ақ Ғалым Қабдұнасұров (63 келі), Ибрагим Магомедов (72 келі), Дивас Қален (82 келі) және Олжас Сырлыбай (97 келі) сынды балуандар боз кілемге шығады.

## ҚАЗАҚСТАНДА ТАНЫМАЛ

## ЖОБА

«Яркий кресты» алматылықтар жақсы біледі. Өйткені ол жақта 7 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Қатысушылары да 10 мыңнан асып жығылады. Сонымен қатар Шымкент, Қарағанды, Нұр-Сұлтан секілді шаһарларда да өтеді. «Қатысушыларға керемет көңіл күй сыйлайтын жобаны Қызылордаға неге алып келмесек» деп өңірде белсенді азамат, қалалық мәслихат депутаты Ерлан Мұсаев қолға алды. Ерланның тың идеяларды ұсынатынын көпшілік біледі. Сондықтан ұйымдастырған шараларының көбі қала халқына ұнайды. Осылайша жұмысқа кірісіп кетті. Ауқымды шараларды ұйымдастыру үшін белгілі бір команда болуы шарт. Бұл жағы бізде шешім тапқан. Ерланнан бөлек командада Александр Цой деген азамат бар. Үшеуіміз жан-жақты жұмыс істеп жатырмыз. Мен жобаның халыққа жетуіне атсалысамын.

АТАУЫН ӨЗГЕРТУГЕ  
ТУРА КЕЛДІ

«Яркий кресты» – «Яркий забег» деп ауыстыруға тура келді. Себебі Алматыдағы ұйымдастырушыларға хабарласқанымызда 6-7 млн теңгені құрайтын сметаны ұсынды. Яғни Қызылордада өткізу үшін франшизасын алу керек болды. Сондықтан командамен аяқтаса келе «Яркий забег», «Яркая Кызылорда» деп дамытуға бекіндік. Жобаның бюджеті жоқ. Тек қатысушылар 3 000 теңге жарна пұл төлейді. Бұл қаражатқа сөмке, медаль, қатысушыға немір және бояу беріледі.

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ  
БАРЛЫҒЫ ЖЕҢІМПАЗ  
БОЛАДЫ

Марафон сіз бен біз ойлайтындай, бұқаралық спорттың насихаттал, халықты саламатты өмір салтына шақыратын қатардағы имидждік іс-шаралардың бірі емес. Бұл – әлем бойынша жылдам дамып келе жатқан ауқымды

жобаның бірі десек болады.

Сондықтан қала күніне орай облыс орталығын ерекше атмосфераға бөлеп, тұрғындарға ерекше көңіл күй сыйлағымыз келеді. Біздің шараны жүгіріп не жүріп өтуге болады. Өркім өзінің дайындығына, мақсатына және мүмкіндігіне қарай бейімделеді. Бастысы барлығы бірдей жеңімпаз атанады. Неге 3 шақырым деген сұрақ туындауы мүмкін. Жалпы «Яркий кресты» заңдылығына сәйкес қатысушылар 5 шақырымды жүгіріп немесе жүріп өтуі тиіс. Бірақ біз ұйымдастыратын шарамыз арқылы жолды жауып, көлік жүргізушілерге бөгет жасағымыз келмеді. Сол себепті орталық алаң мен «Достық» үйіне дейінгі қашықтықты алдық.

## ШАРА ШОУГА ҰЛАСАДЫ

Жас талғамайтын жиынның ең қызықты сәті соңында болады. Мысалы қатысушылар марафонды ақ футболкамен бастаса, финишке міндетті түрде түрлі түсті болып келуі тиіс. Сондықтан қатысушыларға бояуды үйлестіріп жатырмыз. Оған байланысты әлеуметтік желіде арнайы пост жарияладық. Көпшілігі бояу таза киімімізді бүлдіреді деп түсінбей қалуы мүмкін. Бірақ біз құрғақ қоспаны пайдаланамыз. Яғни ұнға қоспақалар қолмен қауқан кезде бірден кетеді. Финишта қатысушыларды ойындар мен концерттік шоу-бағдарламалар күтеді.

## ҚОЛДАУШЫЛАР КӨП

Қызылордада тұңғыш рет өткізілетін тұрғындарға қызығушылық танытып, қолдау білдіруге дайын компаниялардың қатары көбейді. Барлығына өз ұсынысымызды жеткіздік. Біреуі қабылдады, біреуі өкінішке қарай бас тартты. Десек те бүгінде «яркий забегтың» өтуіне ықпал жасап, серіктес атанғандардың қатарында «Jusan» банк, «Жұлдыз» такси, «Пумба» балалар мейрамханасы бар.

МАРАФОН -  
ҚАЛА КҮНІНЕ  
ТАРТЫ

Елімізде соңғы жылдары тренд деген айдар тағылған дүние көбейіп келеді. Оның біріне әлеуметтік желі мен технология тікелей әсер етсе, енді бірін экономика мен туризм ынталандырып келеді. Қазақстанның да жаһандық жаппай марафон жарысына қосылғанына біршама уақыт болды.

Жалпы көпшілікпен бірге белгілі бір қашықтықты жүгіріп өтудің бір қарағанда кімге, қандай пайда әкелетіні түсініксіз. Десек те марафонның қатысушыларға сыйлайтын кереметі бөлек. Мұны ұйымдастырушылар мен қатысушылардың өзі құптайды. Жұырда шаһар тұрғындары жарқын шарыңғы куәсі болмақ. Өлемге танымал «яркий кросс» жобасы Қызылордаға да бет бұрды. Тұрғындар үшін тың жобаның мақсаты айқын. Спортсүйер қауымды қуантатын шарыңғы жағымды жаңалығын ұйымдастырушы Аружан Сахи бөлісті.



# «АЖАЛ САТУШЫНЫҢ»

# АҢЫЗ ҒҰМЫРЫ



**Аңызға айналған Нобель сыйлығын иелену түрлі сала мамандарының арманы. Себебі жыл сайын ақша құнына қарай көтерілетін премияны иеленгендерге соңғы рет 2021 жылы 10 миллион швед қоры белгіленген. Мәселе еңбегімен өлеңгердердің мол қаржыға қарық болуында да емес, премияның әлемді аузына қаратар атағы мен дақпыртсыз жүйрейдің даңқында. 120 жылдан бері премия ұсынып келе жатқан Нобель сыйлығын кім ойлап тапты? Жеміппаздарға ақша ұсыну тәртібі қалай?**

**НОБЕЛЬ ДЕГЕН КІМ?**  
Сыйлық туралы айтпас бұрын Нобельмен танысқанмыз жөн болар. Альфред Нобель 1833 жылы Стокгольм қаласында қарапайым энергетиктің отбасында дүниеге келді. Әкесі Иммануил Нобельдің әскери миналарды жасау арқылы атағы шығып, бұл жаңалығы Қырым соғысында басты қару ретінде қолданысқа түскен. Иммануил отбасын құрып, 4 баласымен бірге алғашқыда Швецияны мекен етсе, содан соң Финляндияға, артынан Ресейдегі Санкт-Петербург қаласына көшеді. Дөңгелек пен арба құрауға арналған құрылғыларды да құрастыратын энергетиктің балалары мектепке бармай, үйден білім алғандықтан әкесі олардың алғашқы кәсіби ұстазы болды.

Ресейге көшіп, бұл үйреткен Иммануил 1849 жылы химик Николай Зининнің ұсынысымен ұлын Еуропаға жоғары білім алуға аттандырды. 1850 жылы ғылым жолын қуып аттанған Альфред Парижде нитроглицеринді синтездеген Асканио Соберо есімді ғалыммен кездеседі. Ол бірден нитроглицеринді сату жолдарын іздей бастайды. Өйткені оның қуаты қарапайым оқ дәріпке күштірек еді.

Николай Зининнің басқаруымен тринитрат глицеринді зерттеуге кіріскен Нобельді атайған ғылыми жұмысы жағалым ретінде таныта бастайды. Осыдан кейін ол Америкада Джон Эриксон зертханасына жұмысқа

орналасады. Ол күн энергиясын зерттеп, алғаш рет дербес түрде физикалық және химиялық тәжірибелерді іске асырады. Бірнеше сағаттық жұмыстың нәтижесінде Альфредке өзінің атағын шығаратын идея келеді.

1864 жылы Стокгольмге қайта оралған жас энергетикші тринитрат глицериннің жарылғыштық әсерін әлсірететін затты табу үшін химиялық тәжірибе жасап, нәтижесінде зауытта жарылыс болады. Бірнеше адам, соның ішінде өзінің туған інісі Эмиль де қаза табады. Қайғылы қазадан кейін әкесі Иммануил инсульт алып, өмірінің соңына дейін төсек тартып жатып қалады. Арада бір ай өткен соң Альфред нитроглицеринге патент алып, динамит жасауды қолға алады. Альфредтің өмірінде барлығы 400 шақты патент болғанмен, динамитті ойлап табуы ғана оған әлемдік атақ пен ұрпағына түгел жетер табыс алып келді.

**ЖАР СҮЙМЕГЕН ЖАС**  
Адамзат тарихында өз есімін өсиетімен өрнектеген тұлғаның жеке өмірі мен махаббаттағы тағдыры қалай етті? Айта кету керек, Альфред ғылыми жаңалық ашып, қару-жарақ әлемінде төңкеріс жасағанымен, жеке өмірінде ешқашан отбасын құрмаған адам.

Ғалым туралы жазылған зерттеулер бойынша, алғашқы махаббаты Альфредпен танысқан соң, аз уақыттан кейін-ақ туберкулез ауруынан қайтыс болған. Біраз уақыт жалғыздығын жұмысымен жұбатқан ғалым кейіннен жас әріс Сара Бернармен қарым-қатынасқа түскен. Онымен отау құруға бел байлаған Нобель анасының алдынан өтіп, ақ батасын сұрайды. Бірақ анасы ұлының үйленуіне түбегейлі қарсы шыққандықтан, ол өз өмірін тек ғылымға арнамаққа шешім қабылдайды.

Уақыт сығры түседі. 1874 жылы ғалымның өмірінде жаңа өзгерістер орын алып, ол граф Берта Кинскимен танысады. Біраз уақыттан соң екі белдеді тұлғаның арасында махаббат оты маздайды. Бірақ бірнеше жылдан кейін бикеш ғалымды тастап, Австрияға күйеу жігітне кетіп қалады.

Махаббатта жас пен шектеу жоқ. Соңғы рет ғалым қарапайым сүт сатушыға ғашық болады. Алайда арудың білімсіздігі Альфредтің ашуына тиіп, ақыры ол отбасылық өмірден біржола

бас тартады. Осылайша біртұр азамат бар ғұмырында бала қызығын көрмей кеткен.

**СЫЙЛЫҚТЫҢ СЫРЫ**  
«Ажал сатушы ажал құшты»... Швед баспасөзі осылай Альфред туралы жаппай қазанама жариялағанда, белгілі инженер 50-ді алқымдаған еді. Ал шын мәнінде қайтыс болған – Іанн қаласындағы ғалымның бауыры Людвиг. Некрологтың жазбасынан кейін бүкіл баспасөз оның қатесін қайталап, Альфред Нобельдің өлгенін жарыса жариялаған. Мұны естіген ол: «Демек адамдар мен туралы осылай ойлайды екен ғой», – деп іштей күрсінді. Негізгі «ажал сатушы» атауы ғалымның бауырына да сай келетін еді.

Людвиг сол кезде оңард сататын ірі бизнесмен болған.

Жантүршігерлік хабарламадан шошыған Альфред өз есімінің тек өлімге байланысты болғанын қаламай, бұрын жазған мұрагерлік өсиетнама-сын қайта өзгертуді қолға алады.

1895 жылы Парижде швед-норвег клубында қол қойылған қағазда: «Мен мынадай шешімге келдім. 31 миллион швед қорының өз атымадағы қорға өткіземін. Ал мен қайтыс болғаннан кейін Нобель қоры жылдық есімді бексе бөліп, физика, химия, медицина, әдебиет саласында адамзатқа пайдалы жаңалықтар енгізген тұлғаларға және бейбітшілік үшін үлес қосқандарға тұрақты түрде жыл сайын сыйлық ретінде берілісін», – деп жазылған.

Атақты Нобель қайтыс болғасын оның байлығынан туыстары үлес алу үшін жаңталасқанымен, олардың арам ойлары жүзеге аспаған. Ең беделді Нобель сыйлығы осылай өмірге келеді.

Өзінің өмір бойы жип-терген бар байлығын бұдан былай адамзат игілігі жолында

ұлан-ғайыр қызмет жасаған тұлғаларға сыйлық ретінде беруді мақсат еткен Нобель өсиеті өз қайтыс болған сәттен, 1896 жылы 10 желтоқсан күні заңды күшіне енеді. Сан-Ремода қайтыс болған соң іле-шала «Нобель қоры» құрылады. Оның жарғысын Швецияның Корольдік кеңесі 1900 жылы 29 шілдеде бекіткен. Осылайша 1901 жылы 10 желтоқсанда, яғни, Альфред қайтыс болған күні тұңғыш рет Нобель сыйлықтары лайықты деп танылғандарға табыс етілді.

## ҚОРДЫҢ ҚАРЖЫСЫ ТАУСЫЛМАЙ МА?

Айта кетейік, өткен жылға дейін Нобель сыйлығы 567 рет берілді. Алайда, кей кандидаттар оны

құраса, ал 1990 жылдары бірнеше миллион қорға дейін өскен. Керісінше төмендеген кездері де болды. Альфред Нобель қайтыс болғанда қордағы қаржы көлемі 31 миллион кроннан асқан. Қазіргі уақытта Нобель сыйлығының қоры шамамен 500 миллион АҚШ долларына бағаланып отыр. Ал қордың ақшасы әлі қанша жылға жетеді? Ғалымның тапсырмасы бойынша қор өз жұмысын жүлдені шексіз



бірнеше рет алды. Барлығы 860 адам мен 22 ұйым лауреат атанды. Ең қызығы, аталмыш сыйлықтың ешкімге берілмеген жылдары да болған. Мәселен, Бірінші (1914-1918) және Екінші (1939-1945) дүниежүзілік соғыс жылдарында дәстүрлі Нобель сыйлығы тоқталған. Сонымен қатар қордың жарғысында «егер ұсынылған бірде-бір жұмыс жеткілікті дәрежеде адамзатқа маңызды болмаса, жүлде қоры келесі жылға қалдырылуы тиіс» деп көрсетілген.

Сыйақы мөлшері есу тенденциясын сақтай отырып, жыл сайын өзгеріп отырады. Мәселен, 1980 жылдары Нобель сыйақысы 880 мың кронды

беруге болатындай етіп жүргізуі керек. Яғни ақияларға ақша салып, жарналарды пайыздан төлеу арқылы Нобель қорының директорлар кеңесі ұзақ уақыт бойы ұйым капиталының қысқаруына жол бермей келеді. Нобель премиясының биылғы нәтижесі 2022 жылы 10 желтоқсанда жарияланады.

Дина БӨКЕБАЙ

## Тоқты

Апта біршама қызықты идеяға толы болады. Оны тезірек жүзеге асыруға тырысыңыз. Үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін көп еңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.

## Торпақ

Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтайсыз. Бастысы өзіңізге және болшауқа деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.

## Егіз

Позитивке толы уақыт жетті, сондықтан күтпеген қуындықты тез өрі оңай шешесіз. Ұжыраңыз түспесін. Бастысы өзіңіз дұрыс деп тапқан жолдан айнымаңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелуіңіз бек мүмкін.

## Шаян

Аптаның әр күні сізді ерекше қуантады. Жақындарыңыз тарапынан жақсы жаңалық естіп, үнемі көтеріңкі көңіл-күймен жүресіз. Сондай-ақ достарыңызбен тату қарым-қатынас орнатуға сәтті апта болмақ. Қаржы мәселесі де тез арада шешімін тауып, жаңа бастамаларға ден қоясыз.

## Арystан

Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізсеңіз, қулап алған жаңа жобаның нәтижелі болмақ. Бастысы ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.

## Бикеш

Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастағы шаруа оңайланбақ. Сол үшінбасыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамдаңыз. Аптаның жарық тұстарын қызықты өткізсеңіз, кемесі тұстары сізге кері әсер етпейді. Әр күнді жақсылықпен әсемдеп, қуанышты өткізу өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз.

## Таразы

Аптада көптен армандаған тілегіңіз орындалады. Өзіңізді бақытты сезініп жүресіз. Бұрын қолға алуға қаймаққан істерді қайта жандандыруыңыз мүмкін. Өрі жаңадан кәсіп бастап, тұрғындарға қуаныш сыйлауға сізге орайлы мүмкіндік туып тұр.

## Сарышаан

Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт туып тұр. Өте маңызды істе қолыңыз болады. Ол үшін ұялымыға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.

## Мөрген

Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы болмақ. Жаңыңызға жақын жанмен алдағы күндерге жоспар құрасыз. Осы тұста кедергіні жеңуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Бастысы отбасыңызға көңіл бөледі ұмытпаңыз.

## Тауешкі


Ұсақ-түйекке бола жүйкеңізді жұқартпаңыз, қиындықтың барлығы аз уақыттың ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Соның әсерінен көптеген адамға басқа көзқараспен қарай бастайсыз.

## Сұқұйғыш

Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жуық арада өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін өз саланыңда белсенділікті арттырған абзал. Аптаның екінші жартысында кейбір жандарға қатысты ойыңыз өзгеріп, жақын адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосасыз.

## Балық

Апта жағымды жаңалық пен қуанышты оқиғадан басталады. Уақытыңызды жақындарға арнау үшін жұмыс барысында қиын жауапкершілік артаудан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегінен өткізуді әдетке айналдырыңыз.



Көзгеші редактор: Д.БӨКЕБАЙ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**АҚМЕШІТ жастары**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

**БАС ДИРЕКТОР**  
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР**  
Мелдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7742/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7742/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary@gmail.com  
Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 7416  
Тапсырыс: 1493